

**Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 18 шілдедегі № 126 "Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы " қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Атырау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 6 қыркүйектегі № 203 қаулысы

Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 18 шілдедегі № 126 "Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қосымшада:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережеде:

14-тармақтың 31) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"31) орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің, облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының және ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараттарының Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

2. "Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*С. Шәпкенов*